

84,5 Kz

€19

ЖАКСЫІБАЙ САМРАТ

БІТЕУ ЖАРА

(Желтоқсан-86)


40769

Жақсыбай САМРАТ

БІТЕУ ЖАРА

(Желтоқсан-86)

(деректі / роман)



“Ақ Бұркіт”

Алматы, 2007

ББК 84 Қаз 7-44
С 19

С 19 Самрат Ж.

Бітей жара / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы:
“Ақ Бүркіт”, 2007. — 360 бет.

ISBN 978-601-7075-00-2

Жазушы Жақсыбай Самрат “Бітей жара” атты романында елдікке ұмтылған саналы жастардың өршіл бейнесін жасау арқылы болашақ үрпаққа патриоттық тәрбие беруді көздейді. Қазақ халқының елдігі мен мемлекеттігінің қалыптастындағы шешуші тарихи Желтоқсан оқиғасында жекелеген адамдар мен типтік тұлғалардың атқарған рөлін сипаттау арқылы адам факторын алға шығарады.


Роман тұған халқының тағдыры талайына бейжай қарамайтын барша оқырман қауымға арналған.

40769

С 4702250201
00(05)-07

0 | N

ББК 84 Қаз 7-44



© “Ақ Бүркіт”, 2007.

АЛФЫ СӨЗ

Желтоқсан оқиғасы туралы жазылған мақалалар мен көркем шығармалар аз емес. Бірақ маңызы аса зор осы оқиғаның бар сипатын өлі де ешкім түгел қамтып шыққан жоқ шығар. Әркім өз әлінше жазғанымен кеңестік идеология жетпіс жыл бойы бұқтырып келген елдің ең жуас, көнбіс халықтарының бірі қазақтардың ешкімнің бүйрекінсиз, шақыруынсыз жаппай көтерілу сырын түбіне дейін ашу мүмкін де емес секілді. Алдарыңызға ұсынылып отырған еңбек те өз хал-хадерінше оның сырын ашуға тырысқан.

Желтоқсан оқиғасы осыншалық көлемге бір күннің немесе бір оқиғаның әлегінен жеткен жоқ. Бұл халықтың ішінде шіріп, бұлініп жатқан бітеу жараның жарылуы еді. Колбиннің келу оқиғасы сол жараның тырналуына себеп қана болды. Бұл әрине, көптің білетін шындығы.

Ал енді біз осы оқиғаны қалай баяндамақ болдық, оның қай сырын ашпақ болдық дегенге келейік. Көптеген мақалалар мен көркем шығармаларда жастардың алаңға бару сырьы біздіңше теріс үғындырылды. “Олар кінәсіз еді, жұрт барып жатқан соң барып қалып еді, оларды аямады, ұрды-соқты, өкімет не деген қатірез еді, боздақтар жазықсыз еді ғой” деген мағынада жазылған дүниелер көп болды. Ондайлардың авторлары және аянышты халді, ұрылған жандардың трагедиясын барынша жалаулатып бақты. Сөйтіп, оқыған жандардың жанын жасытып, жігерін құм қылған бағыт көп болды.

Ал біздің мақсат жігерді жасыту емес, жану. Оқиғаның ерлік бетін баса көрсетіп, елдікке ұмтылған саналы жастардың бейнесін жасау. Біздің қазіргі тәуелсіз еліміздің азат жастарына да сол керек. Соңықтан таяқ жеген, қиналған сәттер бұл еңбекте үстірт баяндалып, ерлік көрсетіп, арыстанша арпалысып, қарсы тұра білген сәттердің бояуы барынша қанық болды. Ежелден

өрелі мінезді өскелең халық осындайларды ғана жырлап, үрпаққа түрлі оқиғалардың ерлік беттерін ғана алып келген. Сонда ғана патриоттық рух жалындаш жанады. Біз сияқты аз халыққа бұл аса зәру сезім. Сөйтіп біз оқиғаны көп езбей, негізінен оның батылдық бетін ғана көрсетіп, қымылды ерен ерлік ретінде көрсетуге тырыстық. Әрине, осы мақсатқа жету барысында да біз тарихи фактілерден ауытқып кеткен емеспіз. Таяқ жеу, тіпті асылу мен атылу болған-ақ шығар, бірақ ондайлар халықтың сағын сындыра алмады, бәрібір рухын жоя алмады деген бағдарды үстедық. Әрине, зиялыш қауымның кейір өкілдерінің сағы сындып, рухы өшіп қалды. Ондайдың мысалы кітап кейіпкері Қабен профессордың басынан көрінеді. Сондыктан да ондайлар жан бағып, бұғып қалуға әбден көндіккен жандар. Ал халық өкілі Мұқадес болса талай құқайды көрсе де мұкалмаған. Тіпті ажалы жетіп қалған сәттерде де аяққа жығылып, қынбай қарсы қарап тұра алған. Ешқандай соққы оны жасыта алмады. Міне, қазақ рухын өлтірмеген типтік бейне осы.

Ең бастысы біз Желтоқсанға қатысқан ерлердің саналы, салиқалы азamatтар екенін көрсетпек болдық. Олар бір сәттік эмоцияның жетегіне ерген тобыр емес, орыстандыру саясатын басты бағдары етіп алған тоталитаризмге әбден қаны қайнаш, жүйкесі тозып, санасты сарғайған жандар. Шын мәнісінде оқиғаға қатысқандар арасында ондай жандар көп болды. Бірақ солардың үні, жан сөзі естілген жоқ. Мүмкін жанымен ұғынғанды олар тілімен жеткізе алмаған шығар. Міне, сондайлардың барлық сөзі мен ойы бас кейіпкер Еламанның басынан, ісінен, тілінен анық көрінеді. Қай күнде ерлердің есімі мен ісі елдің есінде көркем шығарманың кейіпкері бейнесінде сақталған. Біз де өз шама-шарқымызыша желтоқсандықтардың шынайы бейнесін осылай жасауға тырыстық. Оның қаншалықты сапалы, шебер шыққандығының сыншысы әрине, оқырмандар.

Біз Қайрат Рысқұлбековтың “еркек токты құрбандық, атам десең атындар!” деген сөзін де басқалардың аман кетуі үшін өзін құрбандыққа шалған саналы ерліктің парасына жатқызық. Мұның да шындықтан алшақ жері жоқ деп ойлаймыз.

Автор ұсынылып отырған еңбекті оқырмандар терең түйсініп, әділ бағасын берер деген үмітте...

ЖАРЫЛҒАН ЖАРА

*Айтылмаса сөздің атасы өлеңді
(халық мәтелі)*

Еламан жатақханадан ерте шықса да аялдамада ұзақ түрып қалды. Автобустардың үзіліс жасайтын уақытына кездесіп қалса керек, жайшылықтағы ағылып жататын көлік атаулының бірі де көрінбейді. Біраздан соң аялдамаға халық толып кетті. Қыстың қысқа күні де батып барады, аяз да қүшейіп келе жатқан сияқты, күздік жұқа пальтомен түрган жігіт Алматының ылғалды ызырығынан дірдектеуге айналды.

Сағатына қайта-қайта қараған Еламанның тағаты әбден таусылып, әй, болмады фой, дегендей қолды бір сілтеп, өтіп жатқан жеңіл мәшинелердің біріне қол көтерді.

Қара мұрты сопақ бетінің жартысын алғандай, алтын тісті жігіт қайда баратының сұрап алды да, зулай жөнелді. Жап-жана “Жигули” екен, іші де жылы, тоңазып қалған жігітке жәйлі тиіп барады. Жүргізуши орыс тілін бұза сөйлеп:

— Тегі қызға асығып бара жатырсың-ау, жігітім, сағатыңа көп қарайсың, — деді.

— Иә, біреумен кездесуші едім, тосып қала ма деп жаным шығып келеді, — деп Еламан да оған шынын айтып қалды.

— Қайран жастық-ай десенші, қызға қызыл түлкіні қуғандай асығатын, қазір-ақ жетеміз, үлгіресің жігітім, — деп қулана күлген ол мәшиненің жылдамдығын тілті ұдettі.

“Жигули” Әл-Фараби даңғылынан Фурманов көшесіне бұрылып, төмен зырлап келеді. Еламан көшедегі жарнамалық жазуларға көз тікті. Міне, тағы да қате жазыпты, қазақшаға келгенде осылар сауатсыз бола қалатыны несі екен? “Мақсатымыз — коммунизм” деген ұранды “Мақситамыз” деп қойыпты. Әйтеп-туралы елегілері келмейді-ау, біздің тілді деп жігіт ызалана мырс

етті. Оу, мына жерде өткенде ғана қазақша аты бар кафе тұру-шы еді ғой, енді “Золотая подкова” деп жазып қойғаны несі?

— Сіз білесіз бе, мына жерде бұрын “Алтын сағым” деген кафе бар еді ғой, жауып тастаған ба? — деп жүргізушіден сұрады.

— Е, шорт біліп пе, өткенде ғана бар болатын, атын ауыстырыған шығар, деді ол.

Осы біз тұбі қайда барып согар екенбіз, мынандай алшаңдаумен алысқа апармас. Бізді халық ретінде құртпай тынбайын деп тұр ғой мыналар, дегендеге жігіттің жүрегі шаншып кетті.

Еламан өзінің Гүлшатпен қалай танысқанын есіне түсірді. ҚазМУ-дің спорт қалашығы қаланың қақ ортасында орналасқан. Ерте көктемнің “ұзынсары” деп аталатын караөзек шағы еді. Еламан сол күні дене тәрбиесі сабагынан шаршап-шалдығып, оның үстіне қарны ашып аялдамаға қарай ауырлау көтеріліп келе жатқан. Қолдарында балмұздактары бар екі қыз жогарыдан түсіп келеді екен, бұған қарсы жолықты. Жайшылықта қыздарға сұқтана қарайтын басы шаршап келе жатып, ана екеуін елеген де жоқ. Әудем жерге барып қалған жігітті екі қыздың шынғырған даусы ғана селк еткізді.

Жаңа ғана өзі өтіп кеткен дуалдың ішінен шыға келген тайыншадай бір төбет екі қыздың алдында гүрілдеп тұр. Қыздар қорыққандарынан шынғырып жіберген екен. Қолындағы спорттық сөмкесін жасқап, Еламан қыздарға ара түспекке үмтүлды. Ит өзі де, тапжылмай, қыздарды да қозғалтпай тұр. — Пошел, пошел!, — деген Еламанның зілді айғайын да елең қылар емес. Жаны кеудесінде тұрғанда өп-әдемі екі қарындасты жауға берсін бе, даусын қатайтып итке жақындаі берді. Осы кезде ауланың сыртынан шыға келген орыс әйелі:

— Не бойтесь, он не тронет, Бим фу! — деп қалып еді, ит жүгіре жөнелді. Екі қыз қорқып қалған екен, Еламанға ризалық сезіммен қарап, алғыстарын айтып жатыр.

Жігітке сол жақтағы аққұба қыздың жылыұшырай қараған үлкен кара көздері ұнап қалды. Асығатында жұмысы жоқ болған сон, қыздармен жөн сұрасып, оңай білісіп кетті. Екі қыз да өзі сияқты ҚазМУ-дің студенттері көрінеді, матфакта оқитын болып шықты. Кітапханадан шығып үйлеріне беттеп келе жатқандары осы екен.

Еламан сол жолы қыздарды жатақханаларына дейін шығарып салып, жақын танысып қайтып еді. Содан бері Гүлшатпен жұбын жазбай келеді. Бәлендей сұлу болмаса да кісіні өзіне

тартатын бойында бір жылдырығы бар, сүйкімді жан. Жазғы демалыста екі-үш ай көрмеп еді, сағыныштан қайда баразын білмеді. Қазір міне, аптасына екі рет, өздері белгілеген уақытта осылай сағына табысады.

Оймен отырганда мәшине матфактың жатақханасына да келіп қалған екен. Еламан жүгіре шықты. Есік алдында жолықтырармын деген Гүлшаты көрінбейді. Бұлардың жатақханасына бөгде адамдарды кіргізбейді. Өткенде біреулер кіріп кетіп, ішімдік ішіп, төбелес шығарған екен, содан бері коменданттары қатаң тәртіп орнатыпты, бөтен адамдарға қазір аяқ басқызыбайды. Сөйтсе де кейбір қонаққа келгендер: неге өткізбейді, міне күжат, паспорт, тіпті студент билетін де берейін, кіргізе көр деп вахтер әйелмен салғыласып жатыр. Жігіттердің ішімдіктен сау емес екенін көріп тұрған жуан кемпір де у-шу, азан-қазан қылып, жатақхананың ішкі тәртібін сақтайтын белсендерді шақырта бастады. Қой, мыналардың бәлесіне ілігіп кетермін деп ойлаган Еламан далаға шықты да есіктен ене берген ұзын бойлы қара қызыға “қарындастап” қыла қарап, бөлмесінің нөмірін айтып, Гүлшатты шақырып жіберуін өтінді.

Жігіт қалай асығып келсе, қыз бұл жолы өзінде жоқ бір әдет тауып соншалық кешігіп шықты. Тағаты таусылған Еламан үшінші адамнан шақыртқан соң, енді жоқ болса анық бірдеме болып қалған шығар деп аландай бастаған. Бұрыннан таныс қызыл, тоқыма берет пен қызыл мойыншәлі араннан ішке үңіліп тұрған жігіттің көзіне оттай басылды. Енді бір сәт көзге сондай жылы, өзі үшін тым ыстық жанның мүсіні де жарқ етіп шыға келді.

Қанша көрсетпеймін десе де Гүлшаттың басында бір көңілсіз жайдың бар екені білініп қалды. Өзі айтпаса қужамайын деп ойлаган Еламан да ешнәрсе сұрамаған. Екеуі “Целинный” кинотеатрына киноға келді. Абырой болғанда билет бар екен.

Киноға билет алған соң, кіруге әлі көп уақыт барлығын пайдаланып екі жас қызырыстап жур. Жайшылықғағы кездесе қалғанда шүйіркелесе қалатындары жоқ, әңгімелері жарасар емес. Ақыры шыдамаған Еламан:

- Сонымен маған айтқың келмей ме, не болды бүгін саған?
- деді. Жігіттің үнінде өкпе барын сезген қыз:
- Еламан, ренжімеші, мұның саған еш қатысы жоқ. Біздің үйде бір жайсыз жағдай болып қалыпты, соған ренжіп жүрмін,
- деді.

— Сондай құпия болмаса айтсаншы, өзіңе жеңіл болады ғой...

— Саған айтып едім ғой, екі жас кіші сіңлім бар деп, биылғана он сегізге толған, сол қыз кетіп қойыпты.

Еламанның үстінен бір ауыр жүк ауып түскендей болды. Ой, сол ма деп қала жаздал Гүлшаттың мұн басқан жүзін көріп, куанышын іркіп қалды.

— Теніне барса, өз еркімен барса, онда не тұр, бақытты болсын де одан да...

— Вот именно, теніне бармай отыр ғой, өзінен бес-алты жас үлкен біреу, әскерге әлдекашан барып келген. Тұған күнгө барайық деп алдап, алып қашыпты. Ең үлкен апайымыздан бүгінғана хат алып, сонан білдім. Ішім удай ашып тұр...

— Тіпті бұрын, былай... жүрген де жоқ па екен?

— Жүруін жүрген ғой, бірак ол әлі жас бала емес пе? Он сегіз деген немене, тұк те көрген жоқ, әлі. Гүлшат көзіне келіп қалған жасты тежей алмай, үні өшіп қалды.

— Ештеңе етпейді, бағы ашылсын де одан да... Енді не іс-тейді, екі жыл келіп оқуға түсе алмады деп отырсын... Бақытты болса болды ғой, өкінгенмен ешнәрсе болмайды енді. Мен басқа бір қызын жағдай болып қалған екен деп қорқып кетсем... Қояқой жаным, жыламашы, жылаған жамандық шақырады, — деп Еламан оған ақыл берген болды. Оның сөздері қаншалықты әсер еткенін кім білсін, бір кезде Гүлшат жылағанын қойып бұған күлімсірәй қарады да:

— Бәрібір аяймын, жап-жас болып бөтен біреудің кісісі болып кетті ғой, қимаймын, — деді.

Екі жас кинотеатрдың алдындағы шағын кафеге келді. Халық аса көп емес, мұнда бұрын сыра да сатылатын. Ол кезде жастар иін тіресіп келіп тұратын еді, қазір аз кіретін болыпты. Бұрынғыдай емес іші де тазарып, тәртіп кіріп қалған екен.

Еламан мен Гүлшат шеткі столға келіп отырып, балмұздак жеді. Жандарындағы үстөлде уш-төрт қазақ жігіті отыр. Киімдері мен сөздеріне қарап бұлардың қалалық балалар екенін айыру қызын емес. Еламан осы уақытқа дейін Алматыда қарапайым қазақтың баласын көрген емес. Әлде ондайлар бұл жүретін жерде болмай ма, әйтеуір жігіттің көргендері сонғы сәнмен тігілген, қымбат, дефицит киімдерді ғана киетін, орысша ғана сөйлейтін балалар. Және сондайлардың бәрі тегіс темекі тартады. Денелері олпы-солпы болып, ерте толып кететіндері де көп. Тағы бір ерекшеліктері, ақшаны қайдан ала беретіндерін

кім білсін, өйтеуір қашан көрсөң кафе-ресторандардан шықпайды. Өз қызықтары өздерінде, үлгі болсын, сән болсын, тәрбие болсын деп жасаған дүниелердің бәрін мансұқ қылып, кекіреі қарап, менсінбей отырысады. Әңгімелері өздері жасап алған жаргондармен келте қайырып, тез қағып алатын қыска сөздерден ғана тұрады. Бір әңгіме айтсан, сенің не айтқың келгенін емеурініңен танып қалғансып, ешнәрсөне қызықпайтын түр көрсетіп, тез зеріге қалады. Жиырма төртке келген Еламан “джинси” деген шалбарға биыл ғана қол жеткізді. Өткен жазда құрылыс отрядында болып, өзі тапқан табысына алып еді. Бір жарым ай бойы құннің атысынан батуына дейін қыбырлап, мал қашарларын салып тапқан 600 теңге ақшасының тұра бестен бірін беріп бір шалбарға қолы зорға жеткен. Кітапханаши болып істейтін әкесінің бір ай бойғы тапқан табысы да бұл шалбарға жетпес еді. Ал мыналар болса бесіктен белі шықпай жатып соны оп-оңай киіп ала қояды. Ол-ол ма, дүкенге түсе бермейтін шетелдік құртеше, костюм-шалбар, аяқ киімдерді де осылардың үстінен ғана көріп қызығасын.

Еламанның ойын Гүлшат бөліп жіберді. Ол тағы да сіңлісі жайлы айта бастады. Келін болу үшін көп нәрсені білу керек қой, күйеуіне дұрыс тамақ істеп, жыртылған жерлерін жамап, киімін жыып беруден басқа үйге керекті көрпе тігу, алаша току, қымыз ашыту сияқты қызын нәрселерді де істей білу керек емес пе? Ал он сегіздегі қызы ондайларды қайдан білсін? Ата-енесі үйретсе, оның жанын түсінсе жаксы, әйтпесе түк білмейсін деп сөксө жанында жақын жаны жоқ жас бала қысылып, жалғызырайды ғой... Күйеуі көмектесіп қамқор бола ала ма, әлде ата-анасына қосылып ол да жазғыра ма? Сонда қайда барады?

Гүлшат өз ішіндегі барлық сырын Еламанға жасырмай айтуды әдет құлып алған еді, бұл жолы да шынын түгел актарып отыр.

— Туу, өзің бәрін де ойлайды екенсің ғой, азамат... Бірақ он сегіздегі қызы түгіл, бұрын онан да жас кезінде жұрт күйеуге шықты ғой, ештеңе етпес, қой енді, — деп Еламан оны құліп отырып, жұбатып қояды.

Қызы бәрібір басылар емес, сіңлісін аяп мұнын шаға берді. Еламан оның тым бауырмал екенине ішінен риза болып отыр. Өзін ғана ойламай, туғандарының да жайын өзегі өртеніп ойлайтын жаннның адамгершілігі де зор болуга тиісті деп түйді ішінен.

Екеуі әңгімелесіп отырғанда киноға кіретін уақыттары да болып қалып еді. Қызықты картинаның оқиғаларына елтіген Гұлшат біраз көңіл көтерді. Кинодан шыққан соң жігітке тыбыла түсіп, басқа әңгімелердің де басын шалып қояды. Айрылышарда бірін-бірі қимаған екі жас қай құндегі әдетімен осы күні де үзақ қыдырды.

Алматы болса өзінің қалыпты тірлігімен өмір көшкінінен ағып жатты. Көшеде қол ұстасқан жастар легі бір қауым болса, Алматыны дүниенің бір бұрышындағы ат төбеліндей қазақ деген аз халықтың астанасы екенін білгізіп, оған дана жүзді, кен мандайлы, үялы көздері мейірім шашқан карттар легі де өз ерекшелігімен ерекше реңк беретін. Шығыстың осы бір халқына тән “ақсақализм” деген ерекше сыйластық ғұрыптың арты болса да көшеде кетіп бара жатқан ақылман кариялар алдынан ешкім өтпейтініне сенімдері зор болғандықтан өздерін тым еркін сезінетін.

Алматының сол сүйк кешінде де ақ самайлы карттар түнгі ызырыққа қарамай үзақ қыдырыстал жүрді. Қалада туған, қазақы қасиеттен жүрдай кейбір тексіз балалар болмаса, көшекөшени сірестіріп толып жүретін ауылдан келген студент балалар өздерін құдайдай сыйлайтынына сенімді ақсақалдар аяқтарын нық басып, кешкі қарандырылғыққа қарамай таза ауаны үзақ жүтті.

Шіркін Алматының бақтары қандай, бақ түгіл көшелерінің өзі келсейші, жұрсенші бізбен тыныстал депендей жайдары, жарқын күй танытады. Сұлу қызды көргенде селт етіп қарайтын кәрі-жас сияқты әдемі Алматының ажарына жан атаулының бәрі қимай қарап тамашаласады.

Гұлшатты шығарып салған соң Еламан дүкенге кіріп наң мен көкөністін уылдырығын алды. Бұл — студенттердің негізгі қорегі еді. Басқаға акша да жете бермейді және акша болса да дүкеннен дұрыс тамақ табу да киын. Ет, май, шұжық, депендерді студент бұлар түгіл қаланың ақ тер, көк тер болып жұмыс істеп жүргендері де көрмейді. Бәрі дефицит. Дүкенге түсे қалса жең ұшынан жалғасып, үрланып сатылады. Осы күні жалғыз-ақ темекі ғана бос, арақ екеш арақ та қазір еркін сатылмайды. Оған да жоғарыдағылар қолдан қысастық жасап қойды.

Жігіт жатақханасының алдына келгенде бір сүмдыштың болғанын сезді. Жайшылықта бұл уақытта тыныш тіршілікке енетін жатақхананың маңайы араның ұясындағай гуілдейді. Осыдан

екі-үш жыл бұрын бір қазақ қызы төртінші қабаттан құлап түс-кенде осындай болып еді, Еламан қазір де сондай бір тосын оқиға болып қалған екен гой деп ойлады. Топ-топ болып жи-налған жұрт өз ара дауласып, салғыласып жатқандай. Шеткірек түрган танымайтын бір жігіттен не болды деп сұрап еді, анау бұған ежіре耶 қарап:

— Қонаевты орнынан алып тастан, орнына орыс қойған жоқ па, қалай естімей жүрсің? — деп дүрсе коя бергендей болды.

— Қашан?

— Бүтін таңертең... Өзіміздің де орыс емес, Мәскеуден әке-ліпті.

— Мм... Политбюроның бір мүшесі шығар?

— Қайдағы? Ульянов облысының бірінші хатшысы дейді.

Алпысқа келіп қалған Колбин деген біреу...

Басқалар бұлардың әңгімесіне елең етіп, топтала қалды.

— Қонаевты алса алсын, қартайды ғой, бірақ орыс қойғаны несі екен?

— Иә, соны айтам да...

— Бізді әбден елемеуге айналды. Отарлаушылар да бағы-нышты елімен санасар еді, мыналардікі тілпі сүмдыш болды, — деген дауыстар өкпе мен ызаға толы. Еламанның қаны басына шауып кеткендей болды. Мүмкін емес, өтірік болар. Соншама қорлайтындағы не болыпты? Бұқіл астығын, байлығын алып жатқанда Қазақстанды, қазақ халқын бүйтіп аяқ асты ететін-дей, сенімсіздік көрсететіндей не көрініпті? Мүмкін емес, қа-зактар қайтер екен деп осындағы шовинист орыстардың бірі шығарған өсек болар.

Осы ойлардың жетегіне ерген Еламан жігіттерден сыйылып шығып, жатақханаға есігін серпи ашып қатулана кірді. Оның іші сыртынан бетер дуылдайды. Жұздері сұп-сұр, ызага булық-кан жастар сапырылысып жұр.

Еламаннның бөлмесі де бөтен адамдарға толып отыр екен. Студкенестің төрагасы өзі болған соң барлық белсененділер осында жиналыш жатқан сияқты.

— Е, келдің бе? Сені қайда жұр деп алаңдап отыр едік. Естідің бе? — деп бірге тұратын Әлімжан шешінуге де мұрсат бермей жай сұрап жатыр.

— Мен жаңа ғана біреуден естідім. Шын ба екен өзі?

— Шын, шын. Радиодан айтыпты, не қыларымызды білмей отырмыз. Мына жігіттер тарих пен журфактан ақылдасуға келіпті.

— Е, не қыласың, қөнесің де, бізден сұрайды деймісің? — деп өздері “шал” десетін ересек жігіт сөз қосты.

— Сонда үн-тұңсіз қаламыз ба? Біздің елдігіміз қайда сонда?

— Үн-тұңсіз қалуға жарамайды. Өзбек, армян, грузин сияқты халықтарды бүйтіп басынбас еді. Ал біздің қайрат қылтамай алауыз болатынымызды біледі, сосын ойларына не келсе соны істейді.

— Сонда не қыламыз, ал бардық дейік протестовать етіп... Содан не шығады? Милициямен, итпен қуып таратып жібереді. Ол аз болса фотога түсіріп алып, іздең тауып окудан шығартады, партияның шешіміне қарсы болдыңдар деп өмір бойы соңынан қалмайды. Эр жагы белгілі емес пе, не дұрыс қызмет бермейді, не партияға өткізбейді, не пәтер бермейді — сөйтіп өмір бойы сорлатады...

Мұны айтқан да тағы сол шал. Аты-жөні Қуаныш Алдамжаров деген бұл жігіттің жасы отызға жетіп қалған. Бірнеше жыл өндірісте істеп, өмір көрген, кейін мұғалім қызға үйленіп, соның талап етуімен оқуға түскен жігіт. Бірақ жиналған жігіттердің көбі оның сөзіне құлақ аса қоймады.

— Ертең бәріміз жиналыш алғанға барайық. Біз бұл шешіммен келіспейміз, Қазақстанды қазақ ұлтының өкілі басқаруы керек. Жеті миллион қазаққа сенімсіздік көрсетіліп отыр. Совет өкіметінің тарихында қазақ халқының өзіндік орны бар, — деп плакаттар жазып, арамыздан орысша сейлейтіндерді белгілеп алып барайық.

— Плакаттарды орысша жазу керек. Партияның өзінің ұрандарына сүйену керек.

— Дұрыс, “Лениндік ұлт саясаты жасасын” дейік.

— Жоқ, Лениндік ұлт саясаты бұрмаланбасын деу керек...

— Бәрібір емес пе?

— Бәрібір емес, “жасасын” деген жай ғана қостау, біздікі талап болу керек. Тілті “Лениндік ұлт саясатының бұрмалануына жол жоқ!” деп қатаң талап қою керек.

— Ол ұзак болып кетеді...

— Тұра-тұр, шуылдамайық,

— Жігіттер басқа факультеттер не істеп жатыр екен?

— Олар да осылай, не істерін білмей жатыр...

— Так, онда былай болсын. Барлық факультеттерден өкілдер жинайық, сосын осы отырысымызды хаттамага түсірейік...

— Ойбай, о не дегенің? Керегі жок, артынан әлдеқандай күн туып, тауып алса, хаттамамыз айғақ болады.

— Болса несі бар? Біз өкіметке қарсы сөз айтпаймыз гой...

— Бізде демократия емес пе?

— Қайдағы демократия? Бір ауыз сөз де айта алмайсың...

Орыс халқын “ұлы-ұлы” деп айта берсең демократия, басқа ешқандай “демократияға” орын жоқ бізде...

— Орыстандыру саясатына “уралап”, басқалардың проблемасын көзге ілмесен “демократия” де...

— Олар ұлы да қалған халық олардың қолына су құя алмайтын бір сорлы сияқты.

— Ал, шынында, мужықтардың ой-өрісі біздің аталарымыздан әлдекайда тәмен болған гой...

— Оған сөз бар ма... Олардың білгені самогон ішіп, сасып темекі тарту, сосын бір-бірімен төбелес еді гой бар өнерлері...

— Ал біздің аталарымыз жиылып алып терең ой толғап, күрделі кеңес құруды ұлken өнер қылған гой...

— Жә, ол жағын қоя тұрып бүтінгі әңгімеге көшейік те...

— Орыстандыру саясаты күннен-күнге бастырмалатып келеді. Қарандаршы айналаң түгел орысша... Қазақ мектептері де саусақлен санаарлықтай. Айнала “русский лес”, “русское поле”, “русские березы”, тіпті бүгін бір сабыннан да “русское мыло” деген жазуды көрдім...

— Масқара-ай, бәрі солардікі сияқты.

— Ол түтіл басқа халықта жоқтай, қысты да иемденіп алыпты. Алматының қысын шығарып салу мерекесі “Проводы русской зимы” деп аталды гой...

— Бүкіл жақсы қызметтердің, май қалаштардың басында солар отыр. Қазақты ондай жерлерге алса, өзінің тілін білмейтін, не әйелі орыс, не қүйеуі орыс— шатасқан бірді-екісін ғана алады...

— Қазақтар тек ауыр, лас жұмыстарда ғана жүр. Екінші сортты емеспіз деп қалай айтпассын...

— Ал пәтер ше, оны да тек орыстар алады. Ағам осында бір зауытта 11 жыл істеп өлі пәтер ала алмай жүр.

— Біздің Солтүстікте, — деп сөз қосты Еламан, зауыттарда маман қазақтар мүлде жоқ. Оку бітіріп келген жастарды не дұрыс жұмыс бермей, не үй бермей шырылдатады. Ал өздерінің сырттан оқып жүріп, ілдебайлап бітіретін ішкіштерінің бөрін өсереді. Шыдамаған біздің жігіттер кетіп тынады.

— Бізде де сол, — деді Шығыстан келген Зейін. Тағы да қазақтар зауыттарда істей алмайды, маман бола алмайды деп өсекті қойітетінің қайтерсің?..

— Орыс мектептерінде қазақ тілі мүлде оқытылмайды. Біздің тіл бір жабайы халықтың тілі сияқты, ешкім менсінбейді. Менің мамам қазақ мектебінде қазақ тілінің маманы. РайОНО-ға жиналысқа барған сайын қорланып келеді. Барлық пәндерді атап өтіп, проблемалары талқыланып болғаннан кейін ғана, ең соңында, жұрт шаршай бастағанда, мазақ қылғандай қазақ тілінің жағдайын бір ауыз сөзben сипап қана өтеді дейді. Тіпті керегі жоқ, пән дегенге келтіретін көрінеді...

Осындай әңгімелер көбейе берді. Сол кезде көптен үн қоспай отырган Қуаныш:

— Эрине, өзіміздің жуастығымыздан да бар ғой. Жуас түйе жүндеуге жақсы деген... Әйтпесе, кавказ халықтарына бұлай басына алмас еді. Олардың бәрі өз тілдерінде сөйлейді. Ал көп орыс отырган жерде сен өз тілінде сөйлем көрші ауыздан қагады. Бірде, Целиноградта, райфода істеп жүргенде телефонмен қазақша сөйлесіп жатсам, сен неге біз түсінбейтін тілде сөйлейсің деп дүрсे қоя берді,— деді.

— Жә, жігіттер, бүгінгі мәселеге көшейік. Шал, осы сен айтқан жоқ па едің, ана жылы Целиноградта студенттер демонстрацияға шыққанда неміс автономиясын ашамыз деген шешімдерін өзгертті деп...

— Иә, ол кезде демократия деген түсінік мүлде жоқ еді ғой. Қазір қайта жариялышық, демократия деп жатыр ғой. 1979-шы жылы Целиноградта өзіміз де катыскамыз. Орталық алаңға барып, “Қазақстан бөлінбейді, не допустим!” деп айғайлағанбыз. Сол сөзді тыңдап, Целиноград облысында неміс автономиясын ашу туралы шешімдерін өзгертті ғой.

— Эне, сол кезде де тыңдады емес пе? Қазір тем более тыңдауга тиіс... Қысқасы ертең біріміз қалмай алаңға барайық...

— Әй, жігіттер қызуланбандарап. Партияның шешіміне қарсы шығудың өзін өкіметке қарсылық деп біледі олар. Күш соларда, іштен тынғаннан басқа түк істей алмайсың...

— Қашанғы іштен тынамыз, бүйткенше бір еркектік іс қылып өлейік те...

Талас тым ұзакқа созылды. Басқа факультеттердің өкілдерін шақырып алып келген соң да пікірталас ұзай берді... Әңгіменің сайып келгендегі қорытындысы ерте барлық факультет

орталық аланға барады. Бәрінің қолдарында ұран, талаптар болады. Тәртіп бүзуга жол берілмейді. Өкімет басшылары кездесуғе шыққанда оларға кешегі пленумның шешімі қате екендігі, оған бүкіл қазақ халқы қарсы және неге қарсы екендігін бірнеше адам шығып айтады. Әр факультет өздерінің сөйлейтін адамдарын өздері белгілейді. Басқа оку орындарынан барған адамдармен сол жерде осы мәселе келісіледі. Қойған талаптар орындалмайының сол жерден ешкім де тапжылмайды.

Бұл түні Еламан дұрыс үйіктай алмады. Күні бүгінге дейін Қазақстанның атағы дүрілдеп, басшысы КСРО-ның ең басты адамдарының бірі болып келсе, енді бұлай, күтпеген жерден аяқ асты ету шынында орыстандыру саясатының шектен шығуы. Қонаевтың өзі де кінәлі, қыт етсе “ұлы орыс халқы— ұлы орыс халқы” деп әбден халықтың санасын улап болды. Дүние жүзіндегі барлық халықтың дәл кереметі солар деген түсінікті қалыптастырыды. Ол үлкен трибуналдан “міне, бар жақсылықтың бәрі ұлы орыс халықының арқасында болып жатыр” деп бастайды, ал жергілікті жандайшаптар оны алып көтеріп, идеологиялық бағдарламасына айналдырып, құтыртып жіберді. Қарап отырсаң қатардағы орыстың өзінде кеуде пайда болыпты. Бәрі біздің арқамызда болып жатыр, сендер бізден төменсіндер дегендегі шекесінен қарайды. Әскерде де соны көрді. Бәрін тен қөрген болады да, шынтуайтқа келгенде басқа ұлттарды төмендетеді. Қазақ, өзбек сияқты халықтардың балалары нарядтан бас көтермейді. Пысық, спортшы болған мұның өзін жеме-жемде шет қақпайларатып жіберді. Әлі есінде, Подольскідегі жоғары әскери училищеден бөлімшеге екі орынға жолдама келгенде біреуі бүйірар деп қатты дәмеленіп еді. Биографиясы да, әскери, саяси дайындығы да күшті деп саналған мұны алмай, әскери бөлімнің бастығы Калуганың бір бозөкпесін жібертіп еді. Оның бар артықшылығы — ұлты орыс болатын. Обалы не керек, рота командирі орыс та болса бұған көмектескен болды, бірақ тұқ шығара алған жоқ.

Қарап отырса мұның орыстарға деген сенімсіздігі мектеп қабырғасында-ақ ояныпты. Облыс орталығындағы қазақ интернатында оқитын бұларды бірде филармонияға қазақша концертке апарды. Концертті Гурьевтің “Атырау-Жайық” атты ән-би ансамблі әкелген екен. Залда ине шашшар орын жоқ. Концерт көп келе бермейтін түкпірдегі аймақ кім келсе де таласып-тармасып бара беретін.

Мұндағы халықтың талғамын қайдан білсін, өнерпаздар кон-
церттік нөмірлерінің көбін қазақша дайындаған екен. Қазақша
әндер айтыла бастағанда залдағы тентек орыстар ысқырып, қол
соғып, айтушыға кедергі жасап-ақ бақты. Қазақша сейлекен
конференсъеге де қарқылдан күліп, әбден мазақ қылды. Әр-
беріден соң біреулері біз ақша төледік, бізге халтураны қойып
орысша айтындар деп айғайға басты... Сонда бір адам тұрып
бұларың не, үят емес пе деген жок.

Сол жолы Еламан қатты қорланып еді. Қолдан келер шара
жок, үркердей болып отырған интернат балалары қалың орыс-
ка не істесін, жалғыз-ақ қандары қарайып қайтып еді. Сол орыс-
тар гой түсінбесе де ағылшын немесе неміс тілдеріндегі әндер-
ді қуана тындаиды. Өйткені оларды өзімен тең санайды. Ал
біздікін түсінбейміз деп мазақ қылады, сонысы несі екен? Әрине,
бізді қор тұтып, кемсіткеннен. Одан басқа еш себебі жок.

Әрине, жалпы орысқа қарсымыз деп айтуға жарамайды.
Олардың арасында да әділетті адамдар көп қой. Біз erteң өкі-
меттің орыстандышыру саясатына қарсы шығуымыз керек, халық-
тарды бір-біріне қарсы қойып, бірін асырып, бірін төмендетіп
жатқан сол саясат.

Әскерде жүргенде Гоги Надирашвили деген грузин досы бол-
ған. Институтта оқып жүрген жерінен шығып қалып әскерге
алынған, он-солын танитын жігіт еді. Сол ұлыорыстық шови-
нистік саясатты жүргізіп отырған Суслов деп айтатын. Бар пәле
садан дейтін. Суслов өлгелі де бес-алты жыл болып қалды гой.
Бірақ оның идеясы әлі де дамып келе жатқан сияқты. Былтыр
Горбачевтың Целиноградқа келген сапарында жаңында тұрған
Қонаевты қөзге ілмей, жалғыз өзі қөсемсіп, ұзақ сөйлей берге-
нін ұнатпап еді. Бар сүмдиктүң өзі сол “қалдыбайдан” сияқты.
Нағыз шовинисің нақ соның өзі болып шықпасын...

Үлттық Республикаға бірінші басшыны тағайындау керек
болғанда шовинистік қозқарасы басып, қөзін тұмандаш таста-
ған гой. Әйтпесе мұндаі қадамға баар ма еді? Бәрі содан...

Еламанның қөзі таң бозара бастағанда бір-ақ ілінді. Қанша
ұйықтағанын білмейді, бір кезде түсі қашқан жігіттер тұртіп
оятқанда атып тұрды. Бәрі де киініп алдыбы, бәрінің де жүзде-
рі қатулы. Тұндеғідей әрі-сәрілік жок, бәрі де бір шешімге
мықтап бекігендей.

Бұлар жатақханадан шығып алаңға тартқанда жан-жақтан
лек-лек болып жастар қосылып жатты.

Колбин бүгін жұмысқа ерте келді. Орталық Комитеттің қонақ үйі деп аталатын жәй өте ыңғайлы, әрі сәнді екен. Бұған арналған нөмірлері тіпті ғаламат, өзі үш бөлмеден тұрады, не керектің бәрі бар. Қызмет жасайтын бөлмеге тіпті “ВЧ” да тартастылыпты.

Кеше Пленумнан кейін Разумовскийді шығарып салған соң осында ерteleу келген. Тұнімен бюро мүшелерінің досыесін қарап шықты. Жаңа жер, жаңа ортага алғысқа келген жасында бірден үйреніп кету онай емес-ау. Бірақ сыр бермеу керек. Мұндайда өзін бәрінен де хабары бар, барлық мәселеден де білігі мол адам етіп көрсетудің маңызы зор. Эйтпесе жаңа орта сынышыл, мұның басқан қадамын аңдып отырады.

Шетелдік қымбат төсекағаш қаншалықты жәйлі болса да Геннадий Васильевич соншалықты тынышы кетіп үйықтай алмай шықты. Неге екенін білмейді жүргегі әлденеден дүрсілдеп, аузына тығызып, аландай берді. Соның себебін білмей дал болды. Қабырғадағы аптечкеден корволол ішкен соң ғана жүргегі тынышындағы болды. Бірақ оның есесіне басына қайдагы-жайдағы бір қығаш ойлар келіп, мазасы кете берді. Өзімен-өзі алысқандай боп ұзақ дөңбекшіп, таң алдында ғана бірер сағат мызыған болды.

Сары шашты күтуші келіншек келіп жұмысына кіріскенде Геннадий Васильевич орнынан атып тұрган. Сағат жетіден өтіп бара жатыр екен. Құлімдеген көздері мауыққан мысықтай тұманданған келіншек сыйзылып тұрып, таңғы асты нешеде келтіру керектігін сұрап еді, ыстық кофеден басқа ешнәрсеге зауқы сокпайтынын айтты.

Енді міне, сағат сегіз болмай жұмыста отыр. Кабинет нет-кен кен, адамға аса ұлken жауапкершілікті арқалатқандай аба-жадай екен. Оң жакта тұтас қабырғаның жартысын алып Қазақстанның картасы ілулі тұр. Қағаз карта емес, арнайы зақазben істелген қолөнерінің ісі. Республикада не шығып, не қоятынын қызылды-жасылды майлар бояумен түгел көрсетіп тұр. Қарап тұрган адамға Қазақстанда шықпайтын қазына жоқ сияқты.

Қазақстанға Қонаевтың орнына баратын болдым дегенде яйелінің қатты абыржып қалғаны есіне тұсті. “Ұлттық республикалық жибергенің пісі, оның” үтінен Қонаевтай адамның орны-

на...” деп әйелі күмілжіп қалған. Иә, Қонаев өзінің атын шығара білді. Сталиннің кезінен бері басшы қызметте жүрген ол Брежневтің кезінде атағын дүрілдетіп тіпті Саяси Бюроның мүшелігіне дейін көтерілді. Біletіn адамдар оны өте қу, аса сақ адам десетін. Республикада ұлттық “геройдың” дәрежесіне көтерілген сияқты, ну, ничего, оның істегенін біз де істей аламыз деп ойлаған Колбин жұмсақ креслоға шалқайып отыра кетті.

Өзін бүкіл КСРО-ға әйгілі еткен кешегі пленумның датасын ұмытпау керек деп ойлады ішінен. Пленумды еске алып еді, басына тағы да Қонаев туралы ойлар келді. Кеше пленумда бетінің бір талы да бұлк етпей, қалай ғажап ұстады өзін. Іші ғой әлем-таптырық болып, асты-ұстіне келіп жатқан шығар, бірақ сырты бұлк еткен жоқ. Қазақстанның басшылығында жырма бес жылдан артық отырған дейді, сонда бір қазақ шығып, жиырма бес сөз айтып, алғыс айтуга жарамады ғой... Бәрі де өлік шыққандай тым-тырыс болды. Қонаевқа бұл жеңіл тиген жоқ шығар? Шыны керек, Геннадий Васильевич Қазақстан коммунистері өзін бұлай оп-оңай бекітеді деп ойлаған жоқ еді.

Қайдағы бір сұраптар беріп мұның білім мен білігін тексеріп, түйікқа тіреп тастамаса жарайды ғой деп сасып отырған. Бірақ тым-тырыс өлі тыныштықтың өзі бойына бір құпияны жасырып тұрғандай болды.

Осында келерде Горбачевтің айтқан сөздері есіне түсті. Республика Орталық комитетінің мүшелері негізінен “соның” адамдары. Сенің кандидатурана қарсылық білдіру мүмкін, бірақ сен мойыма, тиісті шаралар жасалынады деген болатын. Бірақ кешегі мылқау келісім Горбачевтың бұл республика туралы білігін теріске шығарды. Не қылса да кешегі қылық бұл үшін бір жұмбак. Рас, бюро мүшелері асты-ұстіне түсіп, тегіс құттықтап қолпаштаған болып жатты. Облыс басшылары да тегіс келіп қолын алды, бірақ бірде-біреуі жеке кездесуге сұранбады. Қазақ түгіл орысы да ішін ашып, как жарылмайтын ыңғай білдірді. Әлде мұның аңысын анди ма екен? Қонаевтың тісі батып, зардап шегіп жүрсе бүйтпеген болар еді, әрине.

Осы жұмыска өзін ыңғайлаған Лигачев еді. Егор Кузьмич Ульянов облысына келгенде мұның ішімдікке қарсы құресін қатты ұнатқан. Орталықта бұл істің үйытқысы өзі болған соң да шығар, облысқа келгеннен сүғын қадағаны осы мәселе болды. Басқа жағынан Ульянов облысы бәлендей көзге түспесе де Кузьмич өзін жақсы көріп қалды. Сіздей адамға бұдан да үлкен

жауапты істі сеніп жүктеуге болады еken деп көпіртіп кетіп еді, ұзамай-ақ Мәскеуге жедел жетсін деген хабар келді.

Бұрын бір жұмысқа аудыстырада ОК-нің тиісті бөлімдері шақырып, естірттін. Сөйтіп алдымен солар кеңесіп, сосын тиісті салалық хатшыға апаратын. Ол келісімін берсе дайындал жүрген бөлім менгерушісі Бас хатшыға апарып, соның батасын алдыратын. Бұл тәртіп Горбачев өкімет басына келгелі біраз өзгерген. Колбинді бірден Лигачевтің өзі шақыртыпты, басқалар қайда жіберетінін айта алмады. Кадрларды жылжытудағы бұрынғы бұлжымас тәртіптің өзегеруі былтыр Лигачевтің өзін де шарпып өткен. Ол өткен күзде Саяси Бюроға кандидат болмай жатып бірден мүшелікке өткен. Бұл да бұрын көз көріп, құлақ естімеген “секіріс” еді.

Колбиннің жедел жеткені не керек, үш күн жатқанда Лигачев зорға қабылдады. Өзінің қашан барса да аласұрып, бұркырап, жанталасып жүргенін көреді. Орталық Комитеттегі кереңау тірлікті бір өзі қайнатып жібергісі-ақ келетін сияқты сыңайы бар. Бірақ орын теуіп, омалып қалған можа шенеуніктер ол жүгірді еken деп елпілдеп жатқан жок. Бәрі де Лигачевті сыртынан мысқылдаپ, күлкі қылатынға ұқсайды. Өзін қолдап, көтергісі келіп жатқан адамды жамандыққа қимаған Геннадий Васильевич оны мысқыл қылғандарға қосылғысы келмеді.

Ушінші күні тұс ауа қолы зорға босаған Лигачев бұған бірден шақырған жұмысын баяндады.

— Геннадий Васильевич, саған үлкен қызмет жүктегелі отырмыз. Партия саған Қазақстан Компартиясын басқаруды сеніп тапсырады, — деді ол өзінің қомпилдаған даусымен.

Әрине, Ульянов облысына қарағанда бұл үлкен қызмет. Бірақ Колбин Орталық Комитеттің өзінде хатшылыққа немесе бөлім менгерушілігіне қалдыrap деп дөмеленіп қалып еді. Мұның үндемей қалғанын көріп Лигачев баstryрмалатып кетті.

— Республика өте үлкен, экономикалық потенциалы жоғары. Бірақ партияның басқару принциптері қазіргі заманға сай емес. Кадрлар мәселесін шешуде бұра тартушылықтар бар. Саяси Бюро Республикаға сырттан адам апару керек деп шешті. Жергілікті жолдастардың арасында лайықты адам табылмай отыр. Коңаев өзінің арызын беріп қойған. Михаил Сергеевич хатшы табуды маған тапсырып еді, мен сені лайық көріп отырмын. Сенің күш-куатың әлі толық, мұндай үлкен сенімнен бас тартпайды деп ойлаймыз.

— Эрине, партия сенім білдірсе мен бас тарта алмаймын. Мен партияның солдатымын. Партия қайда жіберсе сонда ба-рамын, — деген Колбин. Ойланбай, тіпті бір сәт те басына ақыл салмай айтты. Өйткені ол бұл сөзді айтуға өмір бойы ма-шықтанған еді. Жасының келіп қалғанын, орын ауыстырудан шаршағанын, отбасылық жағдайын айтып бас тартуға болушы еді. Бірақ өмір бойы партия бүйірігін орындаимын деп көзі шыққан адамға сұлтау айту қажет деп білмейтін. Оның үстіне өзі де еліккіш адамға Лигачевтың “революционерлік интуиаз-мы” әсер етіп, тым тез келісті.

— Ендеше, ертең сағат онда Горбачев жолдасқа барамыз. Жаңа қызметіңе сәттілік тілеймін, — деп Лигачев қолын ұсынған.

Ертесіне Кремльдегі Горбачевтің қабылдауында болды. Өз өмірінде Бас хатшының кабинетіне осымен үшінші рет кірейін деп тұrsa да Колбин жүрексініп қалды. Енді ше... Дүние жүзін тітіреп тұрған алып екі державаның бірінің бас бөлмесіне кіру оңай ма екен? Капиталистер “сүмдықтың империясы” деп ат қойған, бүкіл әлем қаймығатын қатерлі мемлекеттің ең бас бөл-месі емес пе бул?...

Лигачев мұны қабылдау бөлмесіне қалдырып өзі ішке кіріп кеткен. Ат-шаптырым қабылдау бөлмесіндегі креслолар отыра қалсаң батып кететін, өте жұмсақ екен. Қемекшінің сәл ғана ымдауымен Колбин шет жақтағы біреуіне отыра кетті. Дәл онға белгіленген қабылдау он бірден асқанда бір-ақ болды.

Горбачев бұған орнынан тұрып қол берген жок. Алдындағы қағаздарға шұқышия қарап оқып отыр екен, басын әнтек көтепіп, тез бас изеді де:

— Отыр, Геннадий Васильевич, — деді. Горбачев жүрттың бәрін “сен” деп сөйлейтінін естіген. Сондықтан оның бірінші рет көрген адамына оғаштау естілетін бұл әдетіне таң қалмады.

Колбин оның оқып отырғандары Лигачев әкелген өзінің досьесі екенін білді. Осы уақытқа дейін оқып болмағанына қарағанда мүқият тексеріп жатқан сияқты. Бірақ, үстіне ине-жілтін жаңа шыққандай су жаңа костюм киіп, сықырлап отырған Бас хатшы қиналдып жұмыс істейтін қалып танытпады. Әр сөзіне мән беріп, салмақтап отыратын бұрынғылардай емес, мынау жеңіл ойлап, желдей есіп сөйлеп кетеді екен. Мұның дәл бір дауысын естігісі келгендей отбасы, көніл күйі жайында бірер саяул берді де, өзінің ұзак сонар монологын бастап кетті.

— Геннадий Васильевич, біз сізді Қазақстанға жібергенде басқа кісі таптағаннан жіберіп отырған жоқпыз. Сіздің іскерлігіңізге, үйымдастырушылық қабілетіңізге сеніп жіберіп отырмыз. Республика басшылығындағы жағдай қазір мәз емес. Қонаев билік басына жершілдік, рушылдық принциптерімен қолынан іс келмейтін кадрларды тартқан. Осының кесірінен экономикалық көрсеткіштер де төмендеуде. Ұлттық Республика болғанымен Қазақстан халқының жартысынан көбі орыстар, қазактар республиканың 40%-ке жуығын ғана құрайды. Соның жартысы да ана тілін білмейді. Олар өзінің ұлттының кім екенін іздел әуре болмайды. Оның үстіне, бізге түсken ақпараттарға қарағанда ұлттық нигилизм жоғары дәрежеде өріс алған. Бұл, әрине, біз үшін жақсы нәрсе. Ұлттық мектептер шеткергі, алыс аймақтардағы ауыл, қышлақтарда ғана қалған. Қала-лар мен үлкен елді мекендерде қазақ мектебі жоқ. Ұлттық интелигенция қазақ тілін керек қылмайды. Міне, сондықтан да Сіз, ұлттық республикаға бірінші басшы болып бара жатырмын, қын болар-ау деп ойламаңыз. Бұл сізге Грузия емес, екеуінің арасы жер мен көктей. Жағдай осындай бола тұрса да “біздің досымыз” Қонаев қазактарды өсіріп, қазақ кадрларын орынды-орынсыз жоғары жылжытуға тырысып келді. Сіз сол істі қалыбына түсіруініз керек. Қолынан басқа іс келмесе де Қонаевтың қамқорлығына арқаланған басшылар жергілікті жерлерде оның істегенін жасап, қазақ кадрларын орынсыз жылжытумен айналысқан және бұл істе туыстық, таныстық, жершілдік сияқты принциптерді қолданған. Жергілікті жерлерден бізге түсіп жатқан ақпараттарға қарағанда бұл тенденция үлкен көлемде өріс алған. Партия — кеңес орындарындағы, оку, мәдениет, өнеркәсіп, сауда мекемелеріндегі басшы қызметкерлер бір-бірімен өрмекшінің ауындағы болып, осы принциптер арқылы байланысып жатқан көрінеді. Тіпті кейбір жерлерде бұл жұмысқа ұлты басқа кадрларды да тартыпты. Сіз барған беттен бәрін бірден түゼп тастай алмайсыз, өйтемін десеніз өзіңізге жау тапқаннан басқа түк те істей алмайсыз. Жұмысты жүйелі түрде, сатыладап жүргізіңіз. Есінізде болсын, Егор Кузьмичпен мен әрқашанда сіздің жағынызда боламыз, сондықтан жалтақтап бос белбеулік те жасамаңыз.

Сөзін “сен” деп бастаған Горбачев қыза келе, ресми сөздерді көп қосқаннан “сізге” ауысып кетті. Мұнысы сөзіне қосымша салмақ бергісі келгеннен екенін Колбин сезді. Дегенмен

оған Горбачевтың өзін іштартып, ескі партиялық жолдас ретінде “сен” дегені дұрыс еді.

Горбачев болса Колбинге бір жағынан риза, бір жағынан сенімсіздік күйде қалды. Риза болғаны — Колбиннің мұның аузынан шыққан сөздің бәріне шыбындаған аттай бас шұлғи бергені еді. Әсілі Горбачев өзінің сөзін тыңдаушысы құтап отырганын ұнататын. Мұның сондай сырды барын білетін Саяси Бюроның мүшелері кейбір отырыстардан мойындары ауырып шығатын. Әсіресе бұл жастары келіп қалған көртеміштерге қыын еді.

Колбинге деген сенімсіздік екі орайдан туды. Біріншіден, сұрақтарға жауап берген сөздерінің бәрі миына төңкерістік рух сінірліп қалған ескі коммунистердің тақылындағы екен. Бұл Горбачевке ұнамады. Өз басы мұндайларды заман ағымын түсінбейтіндер деп іштей шенейтін. Бір кезек алдын-ала сөйле-сіп алмағанына да өкініп қалды. Лигачев те алды-артына қарат-пай осыны лайық деп бақты, мүмкін онықі де дұрыс шығар...

Колбиннің тағы бір ұнамаған жері ата-бабасы мұжықтарға тән кулығы бар екен. Онысы — сөзге тұра жауап бермей біреудің сыртын бетке ұстап немесе атын көлденендең, соган сүйеніп жорғалатады. Мұнысы енді, оның шыншыл еместігін аңғартады.

Горбачев осындағы олқылықтар көріп тұрса да, ойланайық, ақылға салайық деп айта алмас еді. Өйткені оның тұмысынан біткен келісімпаз міnezі Лигачевтің де, өзі өмірінде бірінші рет көріп тұрған Колбиннің де көңілін жыға алмайды. Өз ойнадағы екі үштылықты ол осындағы, шаш ал десе, бас алатын партияның кәрі солдаттары алыс аймактарға керек, әсіресе өзі ұнаптпайтын Қонаев сияқтылардың ұясын талқандауға осындаілардың барғаны дұрыс деген байлаумен жойды.

Горбачевтың өзі туралы осындаі ойлары болғанынан бейхабар Колбин бас хатшының кабинетінен қанааттанып шығып еді. Аудиенцияның сонында Горбачев бұған барлық қомекті жасайтынын, от басын тезірек көшіріп алуды да шешіп беретінін ескерткен. Бәрінен де риза қылғаны:

“Екі-үш жыл істеп қайтарсың, сосын осыдан бір жақсы қызмет береміз. Мүмкін хатшылық қызметке де алып қалармыз” деген дәмелендеру еді.

Геннадий Васильевич өзінің қызмет карьерасында облыс басшысынан биікке жоғарылаймын деп ойлаган жоқ еді. Рас,

бір кезде Грузия Республикасының екінші хатшылығынан облысқа жібергенде біршама ренжінкіреп қалған. Ол кем дегенде Орталық Комитеттің белім менгерушілігінен дәмелі еді. Біраз уақыт ішінен өкпелеп жүрсе де, облыстағы жаймашуақ тірлік бәрін ұмыттырган. Құн өткен сайын ол Кремльдең қызмет пен Мәскеудегі жақсы пәтер, жайлыш саяжай туралы тәтті армандарын ұмыта бастаған. Жасы болса келіп қалды, енді осы қызметтен әрі жылжытпас деп ойладап, Ульяновскіде тамаша саяжай мен жақсы үй де салдырып алған еді. Енді міне, күтпеген жерден үміті зор үлкен қызмет тапсырылып тұр. Мансалты жақсы көретін басы ішінен қатты қуанды. Мейманханада жатқан әйеліне жеткенше қатты асыққаны сондай өзін өкеле жатқан ОК машинасының жүргізуісіне қаттырақ айдауды екі рет өтінген.

Осы ойларды бір сәт басынан өткерген Колбин қабырғадағы штурвал бейнесіндегі үлкен сағатқа қарады. Уақыт тоғыздан өтіп барады екен. “Рұқсат па?” деген дауысқа жалт қараса екінші хатшы кіріп келеді. Есіктің ашқан-жапқан дыбысы да білінбейді. Колбин орнынан тұрып Мирошхинді қарсы алды.

— Жақсы жатып, жайлыш тұрдыңыз ба, Геннадий Васильевич. Жұмысқа ерте келіпсіз гой?

— Ескі әдет қой. Жұмысқа әрқашанда ерте келемін.

Колбин тағы да біраз нәрсе айтпақ болып еді, бірақ Мирошхиннің түрінде айта алмай тұрған бір қобалжу барын сезіп тосылып қалды.

— Геннадий Васильевич, бір ыңғайсыз жағдай болып тұр. Алаңға жастар жиналышп жатыр. Кешегі пленумның шешіміне қарсы сияқты.

Колбин Мирошхиннің сөзінің аяғын күтпеді. Мынандай құлақ естіп, көз көрмеген сүмдүкты мәймөнкелеп тұрғаны үшін оған жириеніш ата жалт қарады да:

— Мына жерден көріне ме? — деді терезені нұскап.

— Жоқ, бұл жерден көрінбейді. Жүріңіз, Камалиденов жолдастың кабинетіне барайық, сол жерден жақсы көрінеді.

Мирошхинға еріп, Камалиденовтың кабинетіне келсе мұнда да үш-төрт адам жиналышп, тегіс терезеге үніліп тұр екен. Емпелендей басып кіріп келген мұны көріп, бәрі жапырласып амандасты да Камалиденовтен басқасы жылысып шығып кетті.

Төменде, шамамен жарты шақырымдай жерде қалың топ тұр. Олар әлде не айтып айқайлайтын сияқты. Кейбірінің қол-

дарында плакаттар да бар. Тағы бір үлкен топ оң жакта, жоғарыдан түсіп келеді. Құтты демонстрацияға шыққандар сияқты, тәменгі жақтан да бір топтар көтеріліп келеді екен. — КГБ-га хабарладындар ма? Милиция біле ме? — деді Колбин даусы аңы шығып.

— Милиция хабарланды. КГБ-да біледі...

— Так... Барлық бюро мүшелерін шақырыныз... Талаптары не екен, соны білу керек...

— Қонаевты шақыртсақ па екен? — деді Мирошин жасқана сұрап.

— Оның қандай қатысы бар?

— Артық айтсам кешірініз, Геннадий Васильевич, бірақ оның осындағы беделінің тым зор екенін сізге білгізуге міндеттімін. Жағдай ушығып кете ме деп қорқып тұрмын, халық жиналған үстіне жиналып жатыр. Ал ол келсе ана тобырды таратада алады гой деп ойлаймын...

— Мейлі, шақырсаныз шақырыңыз. Мен осы кабинетте бола тұрамын, сіз, Закаш...

— Жақсы, жақсы, мен басқа жерде бара тұрайын.., — деп Камалиденов Мирошинмен бірге шығып кетті.

Колбин кен кабинеттің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп кетті. Өмірінде мұндайды алғаш рет Абхазияда көріп еді. 1921 жылы Лениннің кезінде-ақ Кеңестік Социалистік Республиканың бірі болып құрылған Абхазияның статусын 1931 жылы Сталин автономиялық республика қылып тәмендетеді де грузин республикасының құрамына енгізеді. Және содан кейінгі әдебиет, тарих оқулықтарында оның өз алдына одактас республика болғанын ауызға алғызбайды. 1937 — 38 жылдардағы террорда Сталин мен Берия абхаз халқының барлық интелигенция өкілдерін, үлттық қайраткерлерін тубірімен құртып жібереді. Ал соғыс жылдарында оның аумағындағы грек, түрік сияқты халықтарды Қазақстан мен Орта Азияға құштеп көшіріп, олардың орнына грузиндерді қоныстыруды. Сейтіп, грузин өкіметі тұрғысынан шовинистік саясатқа ұшыраған абхаздар өз жерінде азшылық болып қалауды. Радио мен теледидардан өз жерінде отырып, ана тілінде хабар да ести алмайды, абхаз мектептерінің де саны азаяды. Міне, осы әділетсіздіктерге қарсы абхаз халқы сол жылы бір көтеріліп еді. Бірақ өкімет олардың толқуын күшпен басқан.

Дегенмен онда мұншалықты көп халық жиналған жоқ болатын. Не қыларын білмеген Колбин креслоға барып отыра кет-